

ӘОЖ 82-3

ГТАХР 17.07.41

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.040>

БҰҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікжанова М.С.¹, * Сейсенбиева Э.С.², Умерджанова Ж.Т.³

^{1, *2}әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³ «Арыстан» мамандандырылған лицейі

Аңдатпа. Бұл мақалада бұқаралық әдебиеттің жанрлық түрлері мен олардың көркемдік ерекшеліктері ғылыми-әдебиеттанулық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Бұқаралық әдебиет – бүгінгі күнгі әдеби процесте маңызды рөл атқаратын, кең аудиторияға арналған және нарық талабына бейімделген көркем шығармалар жиынтығы ретінде зерттеу нысанына алынды. Аталған әдеби бағытты теориялық тұрғыда қарастыру барысында отандық және шетелдік әдебиеттанушылардың тұжырымдары негізге алынды. Мақалада бұқаралық әдебиеттің тарихи қалыптасуы, оның идеологиялық және мәдени қызметтері, жанрлық жіктелімі, сонымен қатар көркемдік ерекшеліктері ғылыми негізде зерделенді.

Зерттеудің негізгі мақсаты – бұқаралық әдебиеттің қоғамдағы орны мен маңызын айқындау, бұқаралық әдебиеттің көркемдік мүмкіндігін ғылыми негізде бағалау және оны әдеби үдерістің маңызды бір бөлігі ретінде қарастыру. Зерттеу барысында бұқаралық әдебиеттің көпшілікке әсер ету әлеуеті жоғары екенін, алайда көркем әдебиетпен салыстырғанда эстетикалық талаптарының өзгеше екенін атап өтеді. Мақалада қазіргі қазақ әдебиеті мысалында бұқаралық әдеби жанрлардың ұлттық сипатқа бейімделуі мен оқырман талғамына сай трансформациялану үдерістері де қамтылады.

Зерттеу барысында көркем мәтінді түсіндіруде герменевтикалық әдіс қолданылса, постмодернистік ағымда жазылған шығармалардың ерекшелігін анықтауда салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылған. Сонымен қатар, ғылыми мақаланың нәтижелі болуы үшін зерттеуде салыстырмалы талдау құрылымдық және типологиялық сипатын анықтау барысында шетелдік және отандық ғылыми еңбектер басшылыққа алынған.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарында бұқаралық және желілік әдебиет, әдебиет теориясы мен поэтикасы сияқты теориялық курстарды оқытуда, қазіргі әдебиеттанудағы жаңа бағыттардың қалыптасуын зерттеуде қолдануға болады. Зерттеудің құндылығы қазіргі әдеби үдерістегі жаңа бағыттар мен жаңа сипаттағы бұқаралық әдебиеттің қалыптасу жолын көрсетуімен сипатталады. Мақаланың қорытындысында алынған негізгі тұжырымдар арқылы қазіргі қазақ әдебиетіндегі бұқаралық

әдебиет шығармалары арқылы қалыптасқан заманауи ұғымдар мен қазіргі адамның дүниетанымы мен өмірлік философиясын танытуға болады.

Тірек сөздер: бұқаралық әдебиет, жанрлар, көркемдік талдау, әдебиеттану, детектив, фантастика, қазақ әдебиеті, фэнтези, бұқаралық мәдениет

Кіріспе

Қазіргі заманғы жаһандану процесі мәдениет пен әдебиеттің де табиғатына елеулі өзгерістер енгізуде. Соның ішінде бұқаралық әдебиет – қоғамдағы идеологиялық, танымдық және эстетикалық сұраныстарға жауап беретін ерекше құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл әдеби бағыт кең аудиторияға бағытталған, коммерциялық табыс пен танымалдыққа бейімделген, бірақ сонымен қатар, көркемдік сапаны да қамти алатын күрделі мәдени-әдеби феномен болып табылады.

Бұқаралық әдебиеттің жанрлық құрамы сан алуан: детективтен бастап, фэнтези мен ғылыми-фантастикаға дейінгі түрлі бағыттарды қамтиды. Аталған жанрлар тек шетел әдебиетінде ғана емес, қазақ әдебиетінде де даму үстінде. Бұл мақалада бұқаралық әдебиеттің теориялық негіздері мен жанрлық түрлері, олардың көркемдік ерекшеліктері, қазақ әдебиетінде көрініс табуы қарастырылады. ХХІ ғасырдағы мәдениет пен ақпарат тасқыны кезеңінде әдебиеттің көпқырлы формалары ерекше өзектілікке ие болды. Солардың ішінде бұқаралық әдебиет — оқырманның кең ауқымына арналған, тілдік жағынан жеңіл әрі тартымды, сюжеттік құрылымы жағынан динамикалық туындыларды қамтитын әдебиет жанрының бір түрі ретінде ерекшеленеді. Бұқаралық әдебиеттің жанрлық түрлері мен оның көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. Мақалада бұқаралық әдебиеттің негізгі жанрларын анықтап, олардың көркемдік, мазмұндық және стилистикалық сипаттарын талдау арқылы қазіргі әдеби кеңістіктегі орны анықталады. Сонымен қатар, бұқаралық әдебиеттің тарихи қалыптасуына сипаттама беріліп, әдеби талғамға әсер ету механизмдері де анықталады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» романына ғылыми тұрғыда зерттеу жүргізе отырып, іргелі ғылыми зерттеулерге атап айтар болсақ, А.Темірболат, М.Аманғазықызы, М.Оразбек және орыс ғалымдары: М.Бахтин, Ю.Лотман, Н.Кузьмина, М.Черняк пен батыс ғалымдары У.Еко, Дж.Фиске, Д.Рэдвей және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулері негізге алынды.

Зерттеудің мақсаты – бұқаралық әдебиеттің жанрлық түрлері мен ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу және олардың әдеби-стильдік ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, мақалада мынадай ғылыми әдістер қолданылды: жанрлық-типологиялық әдіс бұқаралық әдебиеттің ішкі

жанрлық құрылымын анықтауға және әр жанрдың ерекшелігін сипаттауға мүмкіндік берсе, контент-талдау әдеби мәтіндер мен мысалдарда кездесетін негізгі мотивтер, кейіпкерлер жүйесі, стильдік элементтер жүйелі түрде қарастырылды. Мақалада салыстырмалы әдіс қазақ әдебиетіндегі бұқаралық жанр үлгілерін әлем әдебиетіндегі ұқсас бағыттармен салыстыра отырып зерттеу үшін қолданылды.

Нәтиже

Бұқаралық әдебиет – көпшілік оқырманға арналып жазылатын, оқиғасы тартымды, тілі жеңіл, эмоционалды әсерге құрылған көркем шығармалар жиынтығы. Ол көбінесе нарықтық талаптарға бейімделіп, оқырман сұранысына икемделе отырып жазылатын шығарма. Бұл ұғым алғаш рет XX ғасырдың басында Еуропа мен Америкада пайда болып, «mass literature», «popular fiction», «trivial literature» секілді ұғымдармен қатар қолданылды. Ғалымдар бұл әдебиетті жоғары элитарлық әдебиеттен бөліп қарайды [1, 159 б.].

Бұқаралық әдебиеттің басты ерекшелігі - көркемдікке емес, қолжетімділікке басымдық беруінде. Оның басты мақсаты – оқырманға тез әсер ету, эмоция туғызу және көңіл көтеру [2, 211 б.]. Ғалым Н.А.Кузьмина бұқаралық әдебиет туралы: «Көпшілікке арналып жазылған және нарықтық экономика, өнеркәсіптік өндіріс, қалалық өмір салты, бұқаралық коммуникациялық технологияның дамуы, әлеуметтік, экономикалық, адамдар арасындағы қатынастарды біріздендіретін әдебиет» [3, 235 б.] деп пікірін білдірсе, әдебиеттанушы-ғалым Ю.М.Лотман «Әдебиеттің сан жағынан кең тараған бөлігін көрсетуі керек. Белгілі бір топта ол мәдени тұрғыдан толыққанды және осы рөлді орындау үшін қажетті барлық қасиеттерге ие ретінде қабылданады» деп пікір білдірген болатын [4, 142 б.].

Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл терминнің нақты теориялық негізделуі аз зерттелгенімен, соңғы жылдары бұл бағытта бірқатар мақалалар мен көпшілік оқырман қызыға оқитын шығармалар жазыла бастады.

Бұқаралық әдебиет оқырманды эстетикалық ләззатпен қатар, эмоционалдық катарсиске, өзіндік таным мен ойтолғамға жетелейді. Адам өмірінде туындайтын түрлі жағдайлар, әлеуметтік қатынастар, махаббат, опасыздық, әділетсіздік секілді мәселелер бұл әдебиетте жиі көрініс табады, сондықтан оқырман өзін кейіпкерлермен салыстырып, ішкі күйзелістерін жеңілдете алады.

«Бұқаралық әдебиет – оқырманның күнделікті өмірдегі әлеуметтік-психологиялық сұранысын қанағаттандыру құралы» [5, 122 б.].

Бұқаралық әдебиеттің дамуына әсер еткен маңызды кезеңдерді атап айтуға болады.

Біріншіден, XVIII ғасырда готикалық романдар мен «реппу

dreadfuls» (арзан, әсерлі кітапшалар) Ұлыбритания мен Францияда кеңінен тарала басталды.

Екіншіден, XIX ғасырдан бастап детектив, мелодрама, тарихи роман жанрлары белсенді дамыды (Пушкин, Дюма, Диккенс).

Ал, үшіншіден XX ғасырда бұқаралық әдебиет айқын құрылымға ие болып, голливудтық кино тілі мен масс-медиа әсерімен дамыды. Бестселлер ұғымы қалыптаса бастады (Кинг, Браун, Коэльо).

Қазақ әдебиетінде бұл бағыт кеңес дәуірінің соңына таман көріне бастады. Дегенмен, ресми идеология «таза көркемдік» пен «социалистік реализмге» басымдық беріп, бұқаралық сипаттағы әдебиетті қабылдай қойған жоқ. Тәуелсіздік кезеңінен кейін бұқаралық әдебиет еркін тыныс ала бастады. Десек те, қазақ әдебиетіндегі біраз шығармалардан бұқаралық әдебиеттің көрінісін байқауға болады. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасынан толық демесек те, ішінара көріністерін байқауға болады.

Бұқаралық әдебиет көбіне жеңіл әрі қызықты сюжетті ұсынады, бұл оқырманға күнделікті өмірдің күйбеңінен демалуға мүмкіндік береді. Тіптен бұндай шығармалар адамның көңіл-күйін көтеріп, жағымды эмоциялар да сыйлайды. Бұқаралық әдебиет қарапайым тілде жазылады, сондықтан оны кез-келген жас деңгейіндегі адамдар оңай түсіне алады. Қолжетімділігінің арқасында әдебиетке қызығушылығы аз адамдардың да оқуға деген қызығушылығын артады. Бұқаралық әдебиет заманауи оқиғаларды, трендтерді және адамдардың өмір салтын көрсетуге бейім. Бұл арқылы қазіргі заманның мәдениеті мен құндылықтары көрініс табады. Көптеген адамдар әдебиетке деген қызығушылығын бұқаралық әдебиеттен бастайды. Бұл оны оқырман мәдениетіне алғашқы қадам ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Танымал авторлардың шығармалары әдебиетке деген махаббатты қалыптастыра алады. Бұқаралық әдебиет кейде күрделі әлеуметтік, моральдық немесе этикалық мәселелерді жеңіл формада қозғап, оқырманды ойлануға итермелейді. Мысалы, детектив шығармалар әділеттілік пен қылмысты жазалау мәселесін қозғаса, ал махаббат романдары күнделікті отбасылық қарым-қатынастардың қиындығы мен жолын табу сияқты мәселелер туралы жазады. Бұл әдебиет кино, телесериал, компьютерлік ойындар сияқты басқа да өнер салаларына шабыт береді. Мысалы, Гарри Поттер немесе «Сақиналар әміршісі» сияқты бестселлерлер үлкен мәдени қозғалыстарды тудырып, көптеген оқырманның кітап оқуға деген құлшынысын оятты. Бұқаралық әдебиет түрлі жанрларда жазылады: фантастика, детектив, романтика, триллер, шытырман. Бұл әр адамның өз қызығушылығына сай әдебиет табуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұлттық мәдениетті немесе тілдің өзін халықаралық деңгейде танымал етуге ықпал етеді десек қателеспейміз. Мысалы, Стивен Кинг, Агата Кристи сияқты авторлар өз елдерінің мәдениетін бүкіл әлемге танытуға септігін

тигізді. Бұқаралық әдебиет көбінесе күнделікті өмірге жақын тақырыптарды қозғайды, сондықтан оқырмандар кейіпкерлердің сезімдері мен оқиғаларын оңай түсінеді. Фантастика мен ғылыми-фантастика жанрлары арқылы жаңа идеялар, технологиялар және болашаққа деген көзқарастар ұсынылады. Бұл қоғамның ғылыми және мәдени дамуына да септігін тигізеді. Бұқаралық әдебиеттің дамуы мен танымал болуы оның жанрлық құрылымының байлығымен тікелей байланысты. Әр түрлі оқырман талғамына сай туындайтын жанрлар бұқаралық әдебиеттің ауқымын кеңейтіп, оны жаппай оқылатын мәдени феноменге айналдырды.

Зерттеу барысында бұқаралық әдебиеттің бірнеше негізгі жанрлары анықталып, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, функциясы және тарихи эволюциясы қарастырылды. Детектив жанры – интрига мен логикалық шиеленіске құрылған; фэнтези – миф пен қиял әлеміне негізделсе, романтикалық шығармалар – сезім мен тұлғааралық қатынастарға басымдық береді.

2010 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында бұл жанрға: «Детективтік әдебиет (ағыш. didaktikos -әйгілеу, әшкерелеу) - шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма. Детективтік әдебиет сюжеті жұмбақ қылмыс салдарын логикалық пайымдаулар арқылы ашып көрсетуге арналады. Басты кейіпкер ретінде із кесуші заң қызметкерлері немесе тыңшы, барлаушылар мен қылмыскер алынып, алуан түрлі оқиғалар арқылы екі жақтың ашық та астыртын қақтығыстарынан соң қылмыс әшкереленеді. Детективтік әдебиеттің тууы американ жазушысы Э.По «Алтын қоңыз», «Мария Рожениң сыры», «Ұрланған хат», ағылшын жазушысы У.Коллинз «Ақ киімді әйел», «Киелі тас» есімдерімен байланысты» деген сипаттама берілген [6, 373-374 б.].

Детектив жанры – әлем әдебиетінде өзіндік орны бар жанр, әсіресе қазіргі оқырмандар тарапынан қатты қызығушылық тудырып отырған жанрлардың бірі десек болады. Жалпы, детективтік шығармалар шынайы өмірден алынып, сол заманның қылмыс әлемін оқырманға жеткізу үшін жазылады. Осы тұрғыдан алғанда детективтік жанрды қоғам құбылыстарының айнасы деп те айтсақта болады. Детектив жанрдың әсіресе өткен ғасырда қарқынды дамығаны сондай, ол ғылыми зерттеу объектісіне айналып, классикалық немесе зияткерлік детектив, психологиялық детектив, фантастикалық детектив, ирониялық детектив, тарихи детектив, шпиондық детектив, саяси детектив, полицейлік детектив деп, жік-жікке бөлініп жазылып, зерделене стады.

Детектив жанрының негізгі ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- Қылмыс және оны ашуға бағытталған логикалық ізденіс;
- Негізгі кейіпкер – тергеуші (полиция, детектив, журналист т.б.);
- Интригальдық құрылым, күтпеген бұрылыстар.

Қазіргі қазақ әдебиетінде де детектив жанрында жазылған

шығармаларды айтуымызға болады. Мысалы, Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ», Қалмұқан Исабаевтың «Коменданттың жазбалары», Өріс Яшүкірқызының «Жіп тұзақ» атты детектив шығармаларын айтуымызға болады.

«Детектив жанры өзінің құрылымдық ерекшеліктері арқылы оқырманды логикалық ойынға шақырып, оны белсенді қабылдаушыға айналдырады» [1, 135 б.].

«Бұқаралық әдебиет «дәстүрлі, консервативті және орта тілдік семиотикалық нормаға бағытталған, өйткені ол кең оқырмандарға арналған». Онда «прозалық романдардың ресми және мазмұнды анықтайтын үлгілері болып табылатын қатаң жанрлық-тақырыптық ережелер» бар [8, 358]. Бұқаралық әдебиет туындылары өмірдегі шынайы шындық пен оқиғаларды қарапайым, жеңіл тілмен береді. Көбіне авторлар жаңалық пен экспериментке аса қатты ұмтылмайды.

Қазақ әдебиетіндегі қазіргі бұқаралық бағытта жазылып жүрген шығармалар – ұлттық көркемдік дәстүрлер мен бұқаралық жанр синтезінің үлгілері ретінде талданды.

Бұқаралық әдебиет тек коммерциялық сипатпен шектелмей, қоғамдағы идеологияны қалыптастырушы күш ретінде де маңызға ие. Оның эстетикалық құндылығы мен тәрбиелік әлеуеті ескерілмей қалмауы тиіс. Бұл тұжырым Р.Уильямс пен Дж.Фискенің мәдени теорияларымен үндеседі [10, 11].

Бұқаралық әдебиетке түрлі көзқарастар қалыптасқан:

• **Негативтік көзқарас:** Теодор Адорно мен Макс Хоркхаймер бұқаралық мәдениетті «мәдени индустрия» деп, оны адамның шығармашылық әлеуетін жоятын күш ретінде бағалайды.

• **Позитивтік көзқарас:** Джон Кэри бұқаралық әдебиетті халықтың рухани қажеттілігін қанағаттандыратын маңызды құбылыс ретінде сипаттайды.

• **Жағдайлық көзқарас:** Умберто Эко бұқаралық әдебиеттің де өзіндік құрылымдық, көркемдік үлгісі бар екенін және оның да эстетикалық жүйесі болатынын дәлелдеген.

Бұқаралық әдебиеттер стресстік немесе қиын жағдайда оң әсер етуі мүмкін, тіпті суицидтен аулақ болуға көмектеседі. Мысалы, әйел тақырыбындағы романдардың кейіпкерлері көптеген кедергілерді жеңіп, бірақ соңында қалаған мақсатына жетіп, бақытты болатын шығармаларды оқу махаббаттан немесе мансаптан көңілі қалған әйелдерге жарқын болашаққа деген сенімдерін сақтауға және қазіргі басындағы қиын жағдайды уақытша немесе өтпелі деп қабылдауға көмектеседі [9, 345 б.].

Талқылау

Махаббат тақырыбында жазылған романдар бұқаралық жанрлардың ең танымал әрі оқырмандар сүйіп оқитын шығармалардың бірі. Бұл жанрдың

тарихы орта ғасырдағы рыцарлық романдар мен «трагедиялық махаббат» желісі бар аңыздардан бастау алады. Қазіргі махаббат романдары көбіне екі кейіпкер арасындағы сезімдік байланысқа, олардың қарым-қатынасының шиеленісті даму процесіне құрылады. Бұл жанрдың ерекшеліктері:

- Ең басты назар – махаббат пен сезімге аударылады;
- Тілі жеңіл әрі эмоциялық баяндау;
- Шығарманың соңы «Бақытты сәттермен» аяқталады.

Көптеген зерттеушілер бұл жанрды әйелдер аудиториясына бағытталған әдебиет деп есептейді [2, 242 б.]. Қазіргі жастар арасында туындылары сұранысқа ие махаббат тақырыбындағы шетелдік және қазақ жазушыларының бірнеше шығармалары бар. Атап айтар болсақ, түріктің жазушысы Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» мен Перизат Мырзахметтің «Өмірдің ат М» шығармаларын айтуымызға болады. Бұл шығармалардың тілі жеңіл, әрі оқырман сұранысына ие болған туындылардың бірі. Элиф Шафак – қазіргі таңда Түркияның ең атақты әйел жазушыларының бірегейі. Жазушының әр кітабы бестселлер боп жатыр. Оның шығармаларында мәдени ерекшелік пен ұлттық стереотиптер ерекше ояумен беріледі. Жазушының шығармасының бұлай ерекше стильде жазуы әлеуметтік-саяси, діни, философиялық ағымдардың әсерінен болуы да мүмкін. Элиф Шафактың кітаптары әлемнің 55 тіліне аударылған танымал жазушы. Жазушының махаббат тақырытында жазылған «Махаббаттың қырық қағидасы» BBC-дің екшеген «Адам дүниетанымын қалыптастыратын 100 роман» тізіміне енген.

Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» туындысын оқығаннан кейін, шығармада сөз етілген махаббат адамның адамға деген сүйіспеншілігі ме, әлде пенденің Жаратқанға деген махаббаты ма деген ойға келесің. Махаббат – ол біртұтас әлем. Пенде баласы оны өзінің шектеулі санасымен қанша жерден бөлшектеуге бейім тұрса да, ол әрдайым тұтастықты білдіреді. «Махаббаттың қырық қағидасын» оқып отырып ойың үнемі өзінді іздеуге, өзінді тануға бағыттала береді. Махаббат бұл мәңгілік өлмейтін тақырып. Бірақ оның қыр-сыры әрқилы екеніне көбіне мән бермейтінімізді осы шығарманы оқығаннан кейін түсінесің. Шығарманы оқыған соң әлеміңді қайтып түзіп шығасың. Өмірлік құндылықтарыңды бүтіндейсің. Енді осының қажеті жоқ деген армандарыңды қайта тірілтіп, көзқарасың өзгереді. Осы уақытқа дейін істеуге қорыққан істерге бет бұрасың.

Элиф Шафактың «Махаббаттың қырық қағидасы» романы – қазіргі түрік әдебиетіндегі көркемдік тереңдігі мен философиялық мазмұны арқылы ерекшеленетін туынды. Бұл шығармада автор сопылық ілімді, рухани өсу мен махаббаттың мәнін көркем тілмен жеткізеді. Романдағы ең басты тақырып – құдайылық (рухани) және адами махаббат. Махаббат бұл шығарманың өзегі ретінде алынып, оның шекарасы кеңейтіледі, яғни рухани сүйіспеншілік ол шығармада Шамс пен Румидің достығы арқылы

беріледі. Ал, ер мен әйел арасындағы махаббатты Элла мен Азиз арасындағы қарым-қатынас арқылы суреттейді. Сонымен қатар, шығармадағы ең басты мәселенің бірі өмірде өз-өзінді сүю мен тану болып табылады.

Шығарманың бас кейіпкері Элланың ішкі дүниесінің өзгеруі – адамның рухани оянуы мен өзін-өзі тануының символы. Элланың образы арқылы автор әр адам махаббат арқылы өзін таба алатынын меңзейді. Романның тағы бір ерекшелігі ол шығарма құрылымы **параллельді хикаялар арқылы** өрбиді – бір жағында қазіргі заман кейіпкерлері, екінші жағында тарихи-мистикалық кейіпкерлер бейнеленген. Романдағы Шамс Тебризидің 40 қағидасы – ислам сопылығының рухани жолын бейнелейді. Бұл қағидаларда:

- Адам мен Құдай арасындағы байланысты түсіну;
- Өз нәпсісін тазартып, жүректі махаббатқа толтыру;
- Дүниелік пен руханилықтың теңгерімі;
- Қоғамдық нормалар мен ішкі сенімнің қарама-қайшылығы көрсетіледі.

Оқырман роман арқылы: сопылық іліммен танысады. Махаббаттың дін, мәдениет, әлеуметтік шеңберлерден жоғары тұрғаны баяндалады. Сонымен қатар, өмірде өзін-өзі тану мен кешіру идеясын ұғынады.

Элиф Шафактың бұл туындысы – адамзаттық құндылықтарды, руханият пен махаббатты дәріптейтін көркем әрі философиялық шығарма. Роман оқырманға өмірге, дінге, махаббатқа жаңаша көзқараспен қарауға жол ашады. Әр қағида – жеке өмір сабағы. Бұл роман қазіргі адамзатқа ең қажет – рухани ізденіс пен махаббат жолының шырақшысы бола алады.

Шығармада Шамс Тебризидің мынандай сөзі бар: *«Қырық қағида өмірдің қырық қырын көрсетеді»*. Осы сөйлем романның бүкіл мазмұнын айқындап тұрғандай. Романдағы махаббат – діни, философиялық және адами мағынада түсіндіріледі. Шафак махаббатты трансценденттік деңгейге көтеріп, оны жаратылыс пен болмыстың өзегі ретінде суреттейді.

Романда махаббат туралы Шамстың мынадай нақыл сөзі бар: «Нағыз махаббат сені ішкі тыныштыққа емес, дауылға жетелейді. Махаббат – сені өзгертетін от».

Мұнда махаббат – жай сезім емес, **рухани** тазару мен өзін-өзі тану құралы. Шамстың қағидаларында махаббат – Құдайға апарар жол.

Романның басты кейіпкері Элла – сырт көзге үлгілі әйел, бірақ ішкі жан дүниесі бос әрі жалған құндылықтармен шырмалған, тұрмыстық күйбең тірліктен шаршаған, ішкі тыныштығын жоғалтқан әйел. Ол Азиз Захармен хат алмасу арқылы ішкі оянуға бет алып, өмірі өзгереді.

«Мен махаббат жайлы жазамын. Өйткені мен өзімді де, сені де, бәрін махаббат арқылы танимын» – дейді Азиз Эллаға жазған хатында. «Жазғандарың менің жүрегімді оятты... Мен алғаш рет өзімді шынайы сезіндім». Бұл Элланың Азизге жазған жауабы. Бұл сөйлемдер Элланың

ішкі трансформациясының бастауы болып табылады. Ол арқылы оқырман да ішкі сұрақтарға жауап іздей бастайды. Шығармада Элланың рухани өзгерісі Румидің сопылық жолға бет бұруымен үндеседі. Екеуі де махаббат пен сенім арқылы өмірде «өздерін табады».

Шамс Тебризидің Мәулана Румимен кездесуі – романның екінші желісінің өзегі. Бұл қарым-қатынас арқылы сопылықтағы пір мен шәкірт, шынайы дос пен жүрек үндестігі секілді ұғымдар ашылады.

«Ұстаз – саған ілім беретін адам емес. Ұстаз – ішіңдегі жарықты жағатын шамшырақ». Бұл тұста Руми мен Шамстың достығы – екі рухтың тоғысуы, сопылықта «фана» күйіне жетудің мысалы.

«Махаббаттың қырық қағидасы» – тек тарихи роман емес, қазіргі қоғамдағы рухани дағдарыс пен мән іздеудің көрінісі. Элланың оқиғасы арқылы қазіргі заман адамының ішкі дағдарысы, материалдық өмір мен руханилықтың қарама-қайшылығы, отбасы, сенім, таңдау мәселелері көтеріледі.

«Махаббаттың қырық қағидасы» – терең рухани-философиялық шығарма. Ол тек көркем әдебиет емес, өмірлік сабақ, рухани бағыт. Элиф Шафак бұл туындысында сопылық ілімді заманауи формада ұсына отырып, адамзатқа махаббат, кешірім, еркіндік секілді ұлы құндылықтарды қайта еске салады. Бұл роман – жүрекпен оқуға тиіс кітап десек қателеспейміз. Себебі, романда Шамс былай дейді: *«Махаббат – ақиқаттың есігі. Сен махаббатпен тыныс алмасаң, тірі емессің»* осы сөз – романның жүрегі іспеттес. Элиф Шафак махаббат, сенім, еркіндік, руханият мәселелерін романда терең талдап, оқыrmанды өз жүрегінің ішіне үңілуге итермелейді. Бұл роман – адам болмысы мен махаббаттың мәні жайлы ойландыратын көркем дүниелердің бірі болып табылады.

Роман көркем ғана емес, терең философиялық мәнге ие шығарма. Десек те, шығарма тілі көпшілік оқырманға оқуға жеңіл. Автор оқыrmанды тек оқиғаға куә етіп қоймай, өз жан дүниесіне үңілуге, ойлануға, қайта жаңғыруға, бақытты болуға итермелейді. Романның тілі – жай көркем баяндау құралы емес, нағыз рухани құрал. Элиф Шафак діни, сопылық және психологиялық мағыналарды бейнелеу үшін символдар мен метафораларға жиі жүгінеді. Мысалы, романда махаббатты былай суреттеген: *«Махаббат – бұл су. Суды тұншықтыру мүмкін емес. Ол өз жолын бәрібір табады».* Осы сөйлем арқылы автор махаббаттың табиғи, бөгетке бағынбайтын күш екенін бейнелейді. Мұнда су – символ, ал махаббат – рухани қуат болып табылады.

Романда әр тарау әртүрлі кейіпкердің атынан баяндалады. Осы тәсіл авторға әр кейіпкердің рухани, әлеуметтік, мәдени деңгейіне сай стиль мен лексиканы қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы:

• Элла – қазіргі заман адамы, оның тілі қарапайым, ішкі монологқа жақын.

- Шамс – сопы, оның тілі бейнелі, терең философия мен афористік.
- Руми – ақын, ойшыл, оның тілінде поэтикалық әрі дінге негізделген лексика басым.

«Шынайы сопы ешкімді айыптамайды. Ол бәрінен өз бейнесін көреді» – бұл сөйлем философиялық әрі әмбебап тілмен берілген.

«Кез-келген автордың жекелеген шығармаларын талдап, баға беріп, ондағы кейіпкерлердің типаждарын айқындау үшін, басқа да зерттеулер мен көптеген автордың бейнесін салыстыра отырып талдау қазіргі зерттеулердің негізі болып отыр» [13, 482 б.].

Қорытынды

Бұқаралық әдебиет жанрлары – әдеби үдерістің ажырамас бір бөлігі. Олар оқырман сұранысын қанағаттандырумен қатар, әдебиеттің ықпал ету аясын кеңейтеді. Бұқаралық жанрлар арқылы авторлар көркем тілді қолжетімді етіп, көпшілікке идеяны жеткізудің тиімді жолдарын табады.

Бұқаралық әдебиет – бүгінгі қоғамдағы маңызды көркем құбылыс. Жанрлық әртүрлілігі оның кең таралуына және түрлі аудиториямен байланыс орнатуына сеп болып отыр. Қазақ әдебиетінде де бұқаралық бағыт айқындалып келеді. Зерттеу барысында бұқаралық әдебиеттің жанрлық сипаты, көркемдік ерекшелігі және ұлттық әдебиеттегі орны анықталды. Алдағы уақытта осы бағыттағы шығармаларды теориялық тұрғыда жүйелеу мен жанрлық жіктеу терең зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Eco U. The Role of the Reader: Explorations in the Semiotics of Texts. – Bloomington: Indiana University Press, 2005. – 267p.

[2] Radway J. Reading the Romance: Women, Patriarchy, and Popular Literature. – Chapel Hill: University of North Carolina Press, 1991. – 315p.

[3] Кузьмина Н.А. Интертекст тема с вариациями: Феномены языка и культуры в интертекстуальной интерпретации. Монография. – М., 2018. – 272 с.

[4] Лотман Ю. М. Культура и взрыв. – М.: Гнозис; Издательская группа «Прогресс», - 1992. – 272 с.

[5] McQuail D. Mass Communication Theory. – London: Sage Publications, 2010. – 275 p.

[6] «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығы. Құраст.Б.Әбдіғазизұлы. –Алматы: «Аруна Ltd», 2010. – 573 б.

[7] Dovush Olga. The ideology of mass literature: American model vs soviet. ZESZYT 60/2009. – Pp. 141-150. https://www.ur.edu.pl/files/ur/import/Import/2012/5/sar_v6_14.pdf

[8] Черняк М.А. Массовая литература XX века: учебное пособие. – М.: Флинта, - 2014. – 524 с.

[9] Temirbolat A.B., Abdikulova, R.M., Kalkabaeva S.A., Ospanova, A.A., & Ospanova A.A.. Transformation of Novel's genre in modern literature // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – №6 (4S2). – Pp. 333-339. https://www.researchgate.net/publication/281496998_Transformation_of_Novel's_Genre_in_Modern_Literature

[10] Уильямс Р. Культура и общество. – Москва: Прогресс, 2001. – 418 с.

[11] Фиске Дж. Введение в коммуникационные исследования. – Санкт-Петербург: Ювента, 1996. – 345 с.

[12] Элиф Шафак. Махаббаттың қырық қағидасы. Түрік тілінен аударған Б.Әділбай, Е.Арыққарақызы. - 2024. – 404 б.

[13] Аманғазықызы М., Оразбек М.С. Қалалық прозадағы кейіпкерлер типологиясы // Абылай хан ат. ҚазХҚЖӨТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2025. – №1 (76). – Б. 478-494. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1631/526>

REFERENCES

[1] Eco U. The Role of the Reader: Explorations in the Semiotics of Texts. – Bloomington: Indiana University Press, 2005. – 267p.

[2] Radway J. Reading the Romance: Women, Patriarchy, and Popular Literature. – Chapel Hill: University of North Carolina Press, 1991. – 315p.

[3] Kyzmina N. A. Intertekst variatsialary bar taqyryp: intertekstýaldy interpretasiadaғы til men mádeniettiń qubylystary [Intertext theme with variations: Phenomena of language and culture in intertextual interpretation]. Monografia. – M., 2018. – 272 s. [in Rus].

[4] Lotman Iý. M. Mádeniet jáne jarylys [Culture and explosion]. – M.: gnoz; Progres baspa toby, 1992. – 272 s. [in Rus].

[5] McQuail D. Mass Communication Theory. – London: Sage Publications, 2010. – 275 p.

[6] “Qazaq ádebieti” ensiklopedialyq anyqtamalyғы [Encyclopedic reference book “Kazakh literature”]. Qurast.B.Ábdigazıuly. – Almaty: “Arýna Ltd”, 2010. – 573 b. [in Kaz].

[7] Dovush Olga. The ideology of mass literature: American model vs soviet. ZESZYT 60/2009. – Pp. 141-150. https://www.ur.edu.pl/files/ur/import/Import/2012/5/sar_v6_14.pdf

[8] Chernák M. A. XX ғасырдың бұқаралық әдебиеті [Mass literature of the twentieth century]. Oqý quraly. – M.: Flinta, 2014. – 524b. [in Kaz].

[9] Temirbolat A.B., Abdikulova, R.M., Kalkabaeva S.A., Ospanova, A.A., & Ospanova A.A.. Transformation of Novel's genre in modern literature // Mediterranean Journal of Social Sciences. – 2015. – №6 (4S2). – Pp. 333-339. https://www.researchgate.net/publication/281496998_Transformation_of_Novel's_Genre_in_Modern_Literature

[10] Ýıláms R. Mádeniet jáne qoǵam [Culture and society]. – Máskeý: Progres, 2001. – 418 s. [in Rus].

[11] Fiske Dj. Komýnikasiylyq zertteýlerge kirispe [Introduction to Communication Research]. – Sankt-Peterbýrg: Iýventa, 1996. – 345 s. [in Rus].

[12] Elif Shafak. Mahabbattyń qyryq qaǵıdasy [Forty principles of love]. Túrık tilinen aýdarǵan B.Ádilbai, E.Aryqqaraqyzy. – 2024. – 404 b. [in Kaz].

[13] Amanǵazyqyzy M., Orazbek M.S. Qalalyq prozadaǵy keipkerler tipologiasy [Typology of characters in urban prose] // Abylai han at. Qazhqıátý Habarshysy. “Filologıa ǵylymdary” seriesy. – 2025. – №1 (76). – B.478-494. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1631/526>. [in Kaz].

ЖАНРОВЫЕ ВИДЫ И ОСОБЕННОСТИ МАССОВОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Серікжанова М.С.¹, Сейсенбиева Э.С.², Умирджанова Ж.Т.³

^{1,2} Казахский национальный университет им. аль-Фараби
Алматы, Казахстан

³ Специализированный лицей «Арыстан». Алматы, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются жанровые разновидности массовой литературы и их художественные особенности с точки зрения литературоведения. Массовая литература изучается как совокупность художественных произведений, ориентированных на широкую аудиторию и соответствующих требованиям современной культуры потребления. В фокусе анализа – история становления массовой литературы, её идеологические и культурные функции, жанровая классификация и особенности художественного языка.

Основная цель исследования – определение места и значения массовой литературы в обществе, оценка художественной возможности массовой литературы на научной основе и рассмотрение ее как важной части литературного процесса. В исследовании отмечается, что массовая литература имеет высокий потенциал воздействия на публику, однако эстетические требования отличаются по сравнению с художественной литературой. В статье на примере современной казахской литературы освещаются процессы адаптации массовых литературных жанров к национальному характеру и трансформации в соответствии с читательскими вкусами.

В ходе исследования применялся герменевтический метод в интерпретации художественного текста, применялся сравнительный метод исследования в определении специфики произведений, написанных в постмодернистском потоке. Кроме того, для результативности научной статьи в исследовании при определении структурно-типологического характера сравнительного анализа руководствовались зарубежными и отечественными научными работами.

Результаты, полученные в исследовательской работе, могут быть использованы при преподавании в вузах таких теоретических курсов, как массовая и сетевая литература, теория и поэтика литературы, при изучении формирования новых направлений в современном литературоведении. Ценность исследования характеризуется отражением новых направлений в современном литературном процессе и пути формирования массовой литературы нового характера. Через основные выводы, полученные в заключении статьи, можно выразить современные понятия и мировоззрение, и жизненную философию современного человека, сформированные произведениями массовой литературы в современной казахской литературе.

Ключевые слова: массовая литература, жанры, художественный анализ, литературоведение, детектив, фантастика, казахская литература, фэнтези, массовая культура

GENRE TYPES AND FEATURES OF MASS LITERATURE

Serikzhanova M.S.¹, *Seisenbieva E.S.², Umirdzhanova Zh.T.³

^{1,*2} al-Farabi Kazakh National University^{1,2} Almaty, Kazakhstan

³Specialized Lyceum «Arystan», Almaty, Kazakhstan

Abstract. This article provides a comprehensive literary analysis of the genres and characteristics of mass literature from a literary studies perspective. Mass literature is considered a collection of artistic works aimed at a wide readership, shaped by the demands of modern consumer culture and popular aesthetics. The study examines the historical development, ideological and cultural functions, genre typologies, and artistic features of mass literature.

The main purpose of the research is to determine the place and importance of mass literature in society, to evaluate the artistic possibilities of mass literature on a scientific basis and to consider it as an important part of the literary process. The study notes that mass literature has a high potential for influencing the public, but aesthetic requirements differ compared to fiction. Using the example of modern Kazakh literature, the article highlights the processes of adaptation of mass literary genres to national character and transformation in accordance with readers' tastes. The scientific significance of the work lies in the fact that the image of the city depicted in literary works is distinguished by the formation in modern Kazakh literature and the differentiation of artistic techniques used in its creation, and the definition of a new direction in the literary process.

In the course of the research, the hermeneutic method was used in the interpretation of a literary text, and a comparative research method was used to determine the specifics of works written in the postmodern stream. In addition, for the effectiveness of a scientific article in the study, foreign and domestic scientific papers were used to determine the structural and typological nature of

comparative analysis.

The results obtained in the research work can be used in teaching such theoretical courses at universities as mass and online literature, theory and poetics of literature, and in studying the formation of new trends in modern literary studies. The value of the research is characterized by the reflection of new trends in the modern literary process and the ways of forming mass literature of a new character. Through the main conclusions obtained in the conclusion of the article, it is possible to express modern concepts and the worldview and philosophy of life of a modern person, formed by the works of mass literature in modern Kazakh literature.

Keywords: mass literature, genres, literary analysis, literary studies, detective fiction, science fiction, Kazakh literature, fantasy, popular culture

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 13.10.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Серікжанова Маржан Серікжанқызы – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: marzhi-91@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-0169-5138>

Сейсенбиева Элеонора Сарсеналиевна – хат-хабар үшін автор, PhD, аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: elka1975@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Умирджанова Жанар Тоқтарбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, «Арыстан» мамандандырылған лицейі. Алматы, Қазақстан, e-mail: Omirzhanova@List.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Информация об авторах:

Серикжанова Маржан Серикжановна – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: marzhi-91@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-0169-5138>

Сейсенбиева Элеонора Сарсеналиевна – автор для корреспонденции, PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: elka1975@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Умирджанова Жанар Тоқтарбайқызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель, Специализированный лицей «Арыстан». Алматы, Казахстан, e-mail: Omirzhanova@List.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Information about the authors:

Serikzhanova Marzhan Serikzhanjvna – doctoral student of the Kazakh National University named after Al-Farabi University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: marzhi-91@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-0169-5138>

Seisenbiyeva Eleonora Sarsenaliyevna – corresponding author, PhD, Senior Lecturer Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, -mail: elka1975@inbox.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>

Umirdzhanova Zhanar Tokhtarbayevna – Candidate of Philological Sciences, Senior lecturer Specialized Lyceum «Arystan», Almaty, Kazakhstan, e-mail: Omirzhanova@List.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5198-9280>